

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Жеміс-жидектер: Өрік

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:**

- өрік, оның дәмі, пішіні біз танысқан қай жеміске ұқсайды, ерекшелігі еске түсіреді;
- үш тілде айтамыз, буын, әріп, дыбыс санын білеміз;
- суретте неше өрік, қанша жапырақ бейнеленгенін анықтаймыз;
- жапырағы мен өрік жемісінің неге таза бір түс еместігін туралы тұжырым жасаймыз;
- суретте өрік саны 1 неге ол 2 өрік тәрізді бейнеленген.

**Пәнаралық байланыс:**

танымдық (жаратылыстану, математика)  
шығармашылық (бейнелеу)  
коммуникациялық (сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер)  
әлеумет (қоршаған ортамен таныстыру)

**Білім алушы игеретін білік-дағды:**

- өріктің пішіні алмаға ұқсайтынын еске түсіреді, бірақ дәмінің өзгеше екенін біледі;
- үш тілде қайталайды, қанша буын, әріп, дыбыс көрсетеді;
- суретке назар аударып, жапырақты санайды, өрік неге көп болып көрінетіндігін анықтайды;
- жапырақ пен өрік жемісінің неге бір түс еместігін ескеріп, оны сәйкестендіріп бояйды;
- суреттегі өріктерді салып нешеу екендігін тұжырымдайды.

**ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ<sup>1</sup>:**

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

**1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)**



<sup>1</sup> Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

**Топқа сұрақ:**

Дидактикалық ойын «Бұл не?» (суреттермен жұмыс)  
Қайсыларымен таныстың? *Алма, қауын, қарбыз, бүлдірген.*  
Бүгін – өрікпен танысамыз.  
Жеміс-жидектер қай кезде піседі?




Оқушылар өз ойларын әңгімелейді... (коммуникациялық дағды қалыптасады)

**ЖЕМІС – ӨРІК**  
(кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

Өздік жұмыс


2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған жеміс атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (*танымдық дағды*)  
3. Суретке назар аударып, онда неше жапырақ \_\_\_\_, неше өрік \_\_\_\_ бейнеленгенін анықтайды. (*тиянақтылыққа баулу*)  
4. Бірнеше түсті суретті бейнелеу алгоритмін белгілейміз:  
Ақшыл түстен бастап біртіндеп қою түске өтеміз. (*танымдық дағды*)



5. Екі суретті салыстыр:  
Неше жапырақ \_\_\_\_\_ неше өрік \_\_\_\_\_ бар. Барлығы қанша?  
Жапырақ саны \_\_\_\_\_ + өрік саны \_\_\_\_\_ = Барлығы \_\_\_\_\_  
✓ бірдей  
✗ бірдей емес  
= ұқсас



6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



*Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.*